# В НОМЕРЕ:

4 История школы: путь к успеху

13 Әжемнің өсиеті

15 Шынықсаң, шымыр боларсың!

ГАЗЕТА ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТНОЙ ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

# Твой Мир
# сенің әлемің

№№21-22
(402-403)
от 30 ноября
2023 года



***Бүгінде аймағымыздағы Оқушылар сарайы жас өрендерге қосымша білім беретін ең ірі білім ордаларының бірі болып табылады. 2023 жылдың 5 қараша күні М.М.Катаев атындағы Павлодарлық Оқушылар сарайы 45-жылға толды.***
***Сүйікті шығармашылық ордамызды мерейлі мерекемен құттықтаймыз!***
***Толағай табыстар, мерейлі жеңістер тілейміз!***
***Оқушылар сарайы жайлы газетіміздің 14-ші бетінен оқи аласыздар!***

Газета Павлодарской областной детско-юношеской организации
Твой Мир
сенің әлемің
№№21-22
(402-403)
от 30 ноября
2023 года

С МИРУ ПО СТРОЧКЕ

# Интересная встреча

На осенних каникулах в нашей школе прошло интересное мероприятие. В тот день в школу пришли наши мамы, мальчики,



девочки.

В спортзале школы прошли соревнования по волейболу. Свои команды выставили учителя, мамы, мальчики и девочки 4-6 классов. Было много болельщиков.

Из нашей семьи играли 3 человека: мама – учительница, сестра Тамирис и я в команде мальчиков. В общем, было очень интересно. Мы сами болели за команды. Лучше всех сыграла команда учителей. Это и понятно: они победители районных соревнований по волейболу. Но мы тоже старались показать свою игру. Было по 2 тайма. Болельщики нас всех поддерживали. Всем эта встреча пошла на пользу. Девочки готовились на районные соревнования. Мы болели за своих мам. Они тоже молодцы.

Спасибо всем участникам за игру. Болельщикам за то, что поддерживали нас.

Нам очень понравилась встреча. Будем ждать следующую встречу. Это так круто!

***Аблайхан Кушмагулов,***
***5б класс***
***Павловская СОШ***
***Успенский район***

# Это было, было, было …

Здравствуйте, дорогие друзья! Как часто мы пересматриваем фотографии?! Наверное, не очень часто. Но вот приехали гости. Завязался разговор. Слово за сло-



во, и взрослые стали вспоминать свои школьные годы. И тут они вспомнили, как любили ходить «на картошку».

Я достала свой телефон. «Вот мы на картошке». С большим интересом тети и дяди, родители рассматривали наши фотки «с картошки».

А дело было так. В конце сентября стояла хорошая, теплая погода. Вместе с учителями и работниками школы после обеда мы собрались на пришкольном участке. Работа закипела.

Мужчины копали картошку. Женщины и школьники собирали в ведра, относили и высыпали в



кучу. Мы аккуратно расстилали картошку, чтобы она не побилась. Когда картошка подсохла, перебрали. Работать было весело. Урожай вырос неплохой. Все радовались, потому что для учеников питание будет удешевленным, а один раз в неделю мы будем кушать вкусную «пюрешку».

Наши родственники с интересом разглядывали людей на фотографиях. Они вспоминали, как сами в школьные годы с удовольствием любили ходить «на картошку». Мои фотки помогли вспомнить события многолетней давности, посмеяться от души. Оказывается, школьников разных поколений может объединять даже такая тема, как картошка. Уборка урожая.

А мы, взрослые и школьники, с теплотой говорили нашему завхозу Шлегель Николаю Николаевичу «большое спасибо». В длинные летние дни он со своим помощником (рабочий Бейсенов Ерлан Бакбаевич) поливали огород с картошкой. Урожай выдался на славу.

Вот так мы хорошо поработали. А общие темы сблизили родственников разных поколений. Думаю, что и в других семьях бывает такое. Ведь это было, было, было.



***Ясмин Жұмабай, 8а класс***
***Павловская СОШ Успенский район***

# Районные соревнования по волейболу

Наша школьная жизнь богата на разные события. Только началась вторая четверть, и мы во вторник поехали на районные соревнования. Мы - это девочки 5-6 классов. В нашей команде было 7 игроков - 3 девочки из 5 б класса



и 4 нас, 6 – классниц. Мы не переживали, у нас был хороший настрой. Участвовало пять команд, мы победили три команды. В финале была сильная команда из райцентра, школы имени А. Байтурсынова. Мы приложили все силы, но проиграли со счетом 0:2. Нам было обидно, но наши соперницы оказались дружелюбные и добрые девочки. Наше 2 место в районных соревнованиях – честный результат. После соревнований мы обрели новых друзей. Было совместное фото после награждения.

Потом мы (Тамирис и Дария) съездили на областные соревнования по волейболу. Там играли такие же девочки, как мы. Мы заняли 10 место из 13. Мы были счастливы, что в районе мы вторые, в областных соревнованиях приняли участие. Мы не расстраиваемся: впереди еще будут соревнования. Наши победы еще впереди.

Спасибо тренерам (Удербаева Д.Б., Молдабаева Е.И.) за нашу подготовку, нашим родителям за покупку единой спортивной формы для команды.

Наши победы – впереди!

***Тамирис Кушмагулова, Дария Орумбаева***
***6б класс Павловская СОШ***
***Успенский район***



Твой Мир
сенің әлемің
№21-22
(402-403)
от 30 ноября
2023 года



# Памяти поэтов посвящается

В октябре 2023 года у двоих наших знаменитых земляков прошли юбилеи - 130 лет Султанмахмуту Торайгырову и 100 лет Музафару Алимбаеву. Ученики нашей школы по инициативе библиотекарей широко их отмечали.



100 - летие замечательного детского писателя Музафара Алимбаева мы отметили циклом интересных мероприятий. Учениками начальной школы был подготовлен и проведен литературный вернисаж «Волшебный мир Музафара Алимбаева». Ребята читали стихи поэта, выбирали наиболее понравившееся, иллюстрировали произведения, выразительно читали и создавали видеоролики. Эти замечатльные творческие работы ежедневно публиковались на странице инсттаграм школьной библиотеки. Для учеников 5-6 классов была проведена литературная мозаика «Любимых детских книг творец». На этом мероприятии ребята познакомились с жизненным и творческим путем поэта, услышали его стихи, поиграли и даже выступили соавторами поэта.





Юбилею выдающегося представителя казахской литературы XX века, поэта и писателя, демократа Султанмахмута Торайгырова был посвящен целый учебный день. Учителя подготовили интересные задания, связанные с жизнью и творчеством нашего знаменитого земляка. Выполняя их, ученики пополняли свои знания и узнавали новое о С. Торайгырове.

Ученики 9 А и 11 класса приняли участие в интересной акции «Живая книга». Ребята в этот день пришли на уроки в футболках, на которых были написаны цитаты из произведений С. Торайгырова на казахском и русском языках. «Прочитай меня!» - эта фраза часто звучала в этот день. Таким образом ребята популяризировали творчество поэта.





Для учеников 9 А класса прошел перекресток мнений «Если жизнь посвятишь ты мечте…». Название этому мероприятию дала строка из стихотворения поэта. Вначале ребята предположили, о чем мечтали прогрессивные люди на заре прошлого века, в число которых входил и С. Торайгыров. Затем, проанализировав ряд его стихотворений, они точно определили мечты и чаяния поэта. Ученики пришли к выводу, что практически все меты поэта осуществились. А в заключение мероприятия ученики, держа на ладони божью коровку, как символ исполнения желаний, подарили их друг другу и пожелали исполнения сокровенных мечтаний и стремлений.





В рамках празднования юбилея С. Торайгырова в дни осенних каникул ученики 7 А класса побывали с экскурсией в Павлодарской областной университетской научной библиотеке имени С. Торайгырова. Ребята с удивлением увидели, насколько многофункциональна и современна областная библиотека, как автоматизированы многие библиотечные процессы, убедились, что ее работники на «ты» с современной техникой.

Говорят, если о человеке сохраняется память – он продолжает жить, так что Султанмахмут Торайгыров навсегда останется в наших сердцах.

***Салтанат Аскарова, 10 класс***
***Школа-гимназия №7***
***г.Экибастуз***

Газета Павлодарской областной детско-юношеской организации
Твой Мир
сенің әлемің
№№21-22
(402-403)
от 30 ноября
2023 года



# История школы: путь к успеху

Железинской школе №2 исполнилось 30 лет.

Нам есть что вспомнить, на что оглянуться. Но в то же время, юбилей школы, как и круглую дату в жизни человека, можно назвать новой точкой отсчета, новым стартом. А значит, 30-летие школы – это повод не только для ностальгических воспоминаний, но и для раздумий об итогах пройденного пути, о новых целях и вершинах. С этими размышлениями мы хотим вас познакомить.

Начало 90-х годов прошлого столетия выдалось непростым для железинских школьников и еще более непростым для их учителей. Ведь единственная на тот момент школа районного центра с трудом вмещала поток местной ребятни и едва не трещала по швам. В каждом классе-комплекте насчитывалось более тридцати учеников.



Поэтому неудивительно, что вся Железинка ждала открытия новой школы, как глотка свежего воздуха. Над возведением этого храма науки трудились строители передвижной механизированной колонны под руководством С. Н. Проскурякова. Члены колонны самоотверженно вели работу по возведению школьного здания согласно намеченному графику, проявляли инициативу и творчество, чтобы к началу учебного года ввести в строй новую школу.

Педагогический коллектив строящейся школы всеми силами старался приблизить заветное событие. Группа учителей во главе с директором Г.В. Середой и заместителем директора по хозяйственной части А. А. Баянбаевым собственноручно помогали обустраивать помещение нового храма знаний, оснащать его всем необходимым.



Первого августа 1993 года строительство закончилось, и государственная комиссия приняла здание. Удалось-таки строителям сделать ребятам и учителям подарок ко Дню знаний! Железинская ОСШ №2 была введена в эксплуатацию. Согласно проекту новая школы была рассчитана на 18 класс-комплектов и могла вместить свыше 700 учащихся при обучении в



2 смены.

Так, первое сентября 1993 года стало отправной точкой пути Железинской ОСШ №2 к успеху. Пути, который длится уже тридцать лет.

Первым руководителем новой школы стал Середа Григорий Викторович. Его работа в этой должности продолжалась с 1993 года по сентябрь 2004 года. За короткое время неузнаваемо изменился облик Железинской ОСШ №2. На голом пустыре благодаря стараниям педагогического коллектива и учащихся раскинулся прекрасный сквер.

С 1993 года школа открыла свою собственную столовую, и с тех пор она служит местом питания для учащихся. Неотъемлемой частью этой истории стала Щепеткина И. В., которая с первого дня своей работы в столовой продолжает трудиться по сей день. Фортуна С. А., пришедшая в 1994 году в качестве повара, также остается частью команды и продолжает свою работу.

Вечно новая, если не по возрасту, то по взглядам, наша школа неоднократно становилась площадкой для внедрения и испытания различного рода инноваций. К примеру, в 1996-1998 г. на базе нашего учебного заведения проводился эксперимент по апробации преподавания предметов в разновозрастной группе (РВГ). Это был опыт организации коллективных учебных занятий на 3 фазе перехода к КСО.

В 2002 году создан школьный краеведческий музей. С момента его открытия на протяжении пяти лет учащиеся нашей школы ежегодно принимали участие в археологической экспедиции в п. Щидерты совместно с ПГУ им. С. Торайгырова под руководством преподавателя кафедры истории Смагулова Т.Н.

В 2003 году начала работу театральная студия «Светлячок» под руководством Пацер Г.А. Коллектив театральной студии успешно выступал на ежегодных новогодних праздниках для детей района со спектаклями и успешно принимал участие в творческих конкурсах областного, республиканского и международного уровней, принося в копилку школы немало побед и призовых мест.



Начальник отдела образования и спорта Л. О. Камкова и директор школы № 2 К. О. Мукушев

С сентября 2004 года поменялось руководство школы. Директором стал Мукушев Кысан Орумбаевич. Его трудовая деятельность в Железинской ОСШ №2 продолжалась до апреля 2006 года. Кысан Орумбаевич уделял большое внимание развитию государственного языка и работе школьной профсоюзной организации. Педагогам и детям директор запомнился своим демократичным стилем руководства.




Нужно сказать, что не только творческие дела учащихся, но и их спортивные успехи приносят славу Железинской школе №2. Среди наших выпускников такие именитые спортсмены как Ирина Быкова, Антон и Виктор Кисляковы, Александр Лысенко, Толеген Болатов, Виолетта Сизикова, Николай Карабидович, Любовь Арынгазинова, Елена Склярова, Кристина Шкуратова, Даниил Киселев, Еликанида Горобец, Руслан Таныrбергенов, Виталий Бабий, Максим Киселев, Амина Тусупбекова.

Часть спортивных побед учащихся Железинской ОСШ №2 пришлась и на период руководства директора Каппасова Балтабая Маданиевича, который возглавлял школу с 12 июля 2006 года по июнь 2007 года. Большое внимание он уделял сплочению коллектива, воспитательной работе с учащимися и развитию языков, спортивно-массовой работе, как среди учащихся, так и среди педагогического коллектива.

За последние 15 лет престиж Железинской ОСШ №2 существенно возрос. Дважды было завоевано гран-при областного конкурса пришкольных учебно-опытных участков «Жасыл желек», школа была признана лучшей образовательной организацией среди сельских школ области, значительно увеличился процент призеров республиканских, областных и районных олимпиад школьников… Этому списку наград и достижений нашей школы нет конца. И ни для кого не секрет, что во многом это заслуга энергичного, опытного, умелого руководителя Кантарбаевой Шолпан Каирслямовны. Она возглавляет школу с 2007 года. Главной отличительной чертой нашего директора является высочайший профессионализм. Шолпан Каирслямовна хорошо владеет теорией и практикой управления современной школой, компетентна в вопросах педагогики и психологии обучения и воспитания детей.

Творческий руководитель с активной жизненной позицией прилагает большие усилия для формирования привлекательного

Газета Павлодарской областной детско-юношеской организации
Твой Мир
сенің әлемің
№21-22
(402-403)
от 30 ноября
2023 года

ЮБИЛЯРЫ

имиджа школы. Шолпан Каирслямовна всегда лично участвует в оформлении и оснащении школы, в благоустройстве школьной территории. Одной из своих главных задач руководитель школы считает создание комфортной, безопасной и удобной для учеников среды. Поэтому Шолпан Каирслямовна целенаправленно работает над укреплением материально-технической базы, позволяющей внедрять современные технологии обучения.



Руководителем школы уделяется большое внимание развитию разносторонних творческих наклонностей и талантов учащихся Железинской ОСШ №2.



Середа
Григорий Викторович

И потому в 2009 году была создана эстрадная студия «Подснежник» под руководством учителя музыки Ю.И. Никитиной Просуществовала она до 2016 года. Воспитанники студии были активными участниками школьных мероприятий, а также различных вокальных конкурсов. Участниками эстрадной студии были покорены вершины районных и областных Дельфийских игр.

В 2010 году в нашей школе был открыт гимназический класс на базе 6 класса гуманитарного направления. А годом позднее гимназический класс был открыт и на базе 5 класса. Всего в обоих классах обучалось 30 детей.

Учащиеся гимназических классов неоднократно становились призёрами школьных, районных и областных мероприятий и соревнований, работали над проектами в школьном НОУ «Болашак», принимали активное участие в школьном самоуправлении. По их инициативе был разработан школьный веб-сайт.

2012-2013 годы запомнились особенной для нашего учебного заведения наградой. Железинская ОСШ №2 была признана победителем областного конкурса в номинации «Үздік ауылдық жалпы білім беретін орта мектеп». В этом же году ученица Крестьянинова Юлия заняла второе место в областной олимпиаде по географии.

В начале 2014 года на базе нашей школы открыта опорная школа ресурсного центра. Опорная школа - это организация образования, на базе которой консолидируются образовательные ресурсы близлежащих малокомплектных школ. Успешная работа ресурсного центра отмечена Инновационным центром развития образования в номинации «Шабыт» на областном конкурсе «Лучший ресурсный центр» в 2021 году.



2014-2015 учебный год также оказался весьма плодотворным для педагогического коллектива Железинской ОСШ №2. Учитель русского языка Дерунова Е.Н. завоевала «бронзу» на областной олимпиаде учителей, а затем была награждена дипломом I степени по итогам областного интернет-фестиваля педагогических идей «Лучший интерактивный урок». Макашева С.Ж. и Шарипова С.А. стали призерами этого же конкурса. Ученица 10 класса Пупкова Александра одержала победу в областной мини-олимпиаде по казахскому языку. Есбулатова Мадина заняла второе место в республиканской олимпиаде «Тарих-ата».



Каппасов
Балтабай Маданиевич

В 2015-2016 учебном году школа вновь становится обладателем гран-при областного конкурса пришкольных опытных участков.

Новый учебный год – новые успехи. Школьный музей под руководством Дегтяревой Т.С. занял I место в областном конкурсе.

2017-2018 учебный год памятен для Железинской ОСШ №2 целым рядом ученических достижений. Самое весомое из них – это Почетная грамота, привезенная с республиканской олимпиады юным знатоком географии Сницарь Д. Ныне Дмитрий Валерьевич из ученика превратился в нашего молодого коллегу и преподает в стенах родной школы историю.



2018 год ознаменован не только 25-летием школы, но и началом международного сотрудничества с МОУ «Черлакская ОСШ №2». В рамках этого партнерства в нашей школе был проведен международный семинар на тему «Обмен педагогическим опытом как ресурс профессионального развития педагога». Его целью стало создание условий для обмена опытом между педагогами образовательных учреждений в условиях обновления содержания среднего образования Республики Казахстан.

2020 год. Пандемия коронавирусной инфекции бросила вызов как системе образования в целом, так и работе нашей школы. Педагоги успешно осваивали новые технологии и образовательные интернет-платформы. Так учитель русского языка Дерунова Е. Н. в числе лучших педагогов страны стала участницей республиканского проекта «ТВ-уроки» на телеканале «Хабар». Учитель математики Склярова Т. В. одержала победу в конкурсе авторских работ «Лучший СОР Online-Mektep».

В этот же период активно развивается научно-исследовательская работа учащихся. Участвуя в конкурсах «Зерде» и РКИП, наши ребята занимают призовые места на уровне области. А в 2023 году Ашимжанова Дария становится победителем республиканского этапа конкурса исследовательских проектов.

Педагоги школы обобщают и распространяют свой передовой опыт, участвуя в различных семинарах, конференциях, форумах, а также создавая авторские методические материалы, которые получают высокую оценку на конкурсах областного и международного уровней.

За последнее десятилетие Железинская ОСШ №2 сделала огромный шаг вперед в создании максимально комфортной и продуктивной образовательной среды. Всегда открытая к обмену передовым педагогическим опытом и внедрению лучших инновационных идей, школа продолжает свой путь к успеху.

*Самойленко Елена Дмитриевна,*
*Дерунова Екатерина Николаевна,*
*учителя русского языка и литературы*
*Железинская ОСШ № 2*





Твой Мир сенің әлемің

№№21-22
(402-403)
от 30 ноября
2023 года

***Құрметті оқырман бүгін біздің газетіміздің қонағы Шарбақты ауданы, Шегірен ЖОББМ-нің жас тілшілері***

ҚАЛАМГЕР ҚАДАМЫ

# Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге дамып, мол қаражат пен қоғамдық бәсекелестік бар жерде тамырын жайып, бүгінгі күнде қоғамдық дертке айналған құбылыс. Бұл дамыған кесел біздің жас мемлекетіміздің дамуын тежеп, зор нұқсан келтіріп жатыр. Соңғы жылдары осы проблема мемлекеттің ерекше назарында талқылауға салынып, қоғамда қатты резонанс тудыруда. Осыған орай «Сыбайлас жемқорлыққа күрес» заңы аясында үкімет тарапынан шұғыл әрекеттер жүзеге асырылуда. Парақорлық анда –санда кездесетін құбылыс емес, ол күнде біздің қасымызда , тіпті көп жағдайда үйреншікті құбылысқа айналған мәселе. Өз күшімен жетем деген мақсатымызға бюрократиялық тосқауылға, түсінбеушілікке ұшыраған жағдайда қоғам оңай жолын табуда. Менінше, әр қоғам мүшесі осы кеселден айығуды өзінен бастау қажет. Әншейін берілген сыйлық, «істеген жақсылығыңызға рахметіміз» т.б. алдымыздан атып шығатын керек адамдарға берілетін «тосын сыйлықтар» парақорлықтың бір түрі емес пе?! Сондықтан мемлекеттік қызметшілерді парақорлыққа үйретіп, бұл дертті емдеудің орнына одан сайын өршітіп жүрген қоғамның өзі (оның ішінде сіз бен біз)!

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі емдейтін ауру емес. Ол бүгінгі заманның обыр ауруы сияқты, қара уытын айналасына шашып жатқан ұлттық трагедия. Елбасы жолдауында :«Заңды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Ендеше қоғамдық дертке айналып, жас мемлекетіміздің дамуына тұсау боп тұрған осы кеселден айығуға бәріміз бір боп, кірісейік , ағайын!

***Жиналған Аманболсын***

# Чернобыль жаңғырығы

Чернобыль-қара түнек,қасірет
пен қан дала,
Қайғы-мұңды қайыспастан
арқалады Жер-Ана.
Азалы күн,ақтық демі
талайлардың бұйырған
Адам сирек аман қалған
құйыннан.

Жазылар тарихтың таңбалы
томына,
Тағы бір ұлы апат адамзат сорына,
Табиғат Ананың тағдыры тоз
болды-ау,
Беріп ек билікті пенделердің
қолына.

Уланды ұрпақтар,заманның
зары өтті,
Өтті күн,сан жылдар тәуелсіз
күн жетті.
Ата мен ағаның, ана мен
әпкенің ішінде мұң кетті,
Тарихтың жадынан жұлар ма
еді сол бетті?!

Талқан боп
тағдырлар,шайқалды шаңырақ,
Кең дала,келбеті кексе болып
қалды да аңырап,
Болашақ сұмдықтан бір Алла
сақтасын
Қазіргі балдырған кермек дәм
татпасын.

# Желтоқсан ызғары

Желтоқсан желі дақ болып қалды
жүректе,
Жастардың үні тәуелсіздік деген
тілекте,
Қапаста қалды азаттық жыры
тұншығып
Замана сенген білімге емес
білекке.

Желтоқсан желі жанымды менің
жылатты,
Асыл ерлерім азаттығым деп
құлапты.
Тастақты жерден тас тамшы
жарған сияқты,
Дауылдан кейін бостандығымның
гүлі атты.

Желтоқсан желі жанымды менің
жылатты,
Бетбұрыс қылып,санасын елдің
оятты.

Кеңестік кезең саусағын бүгіп
ішіне,
Жауыз ойларын
жасандылықпен бояпты.

Жүректе от,көңілде арман
сағымдай,
Жалынды жастар жат үкіміне
бағынбай.
Желтоқсан желі тынды да
қанды көрінбей,
Қыраудан кейін көктемнің
самал желіндей.

Желтоқсандықтар дәлел етті
көпке icін ,
Байтақ дала аманат бізге деп
түсін,
Көп болуға,бір болуға тиіспіз
Көрмеу үшін жаттың езгі
тепкісін.

***Жиналған Аманболсын***

# Қазақстанның «Жас барысы»

Жүнісов Қанат Арғынұлы жетекшілік еткен жас палуандардың «Жеңімпаз ордасына» айналған спорт клубымыз тағы да бір жеңісті өз жылнамасына алтын әріппен жазды. Кереку өңірінің мақтанышы, жас палуан Жүнісов Ерболат Шымкент қаласында өткен Республикалық «Жас барыс» спорт додасына



қатысып, бас жүлдені қанжығасына байлады. Осы сүйіншілі хабарды естіп қуанған «Жас қалам» ұжымы Ерболатпен кездесіп, сұхбат алуды жөн көрдік.

«Жас қалам»: Жеңісің құтты болсын, Ерболат! Жарыс қалай және қай жерде өтті?

Ерболат: Жарыс Шымкент маңындағы Леңгір қаласында өтті. Мәре барысында төрт палуанмен көк кілемде белдестім. Ақтық мәреде Ақтөбелік палуанмен күш сынастым. Қарсыласым мықты болды, сондықтан жеңіс оңай түскен жоқ.

«Жас қалам»: Жеңімпаз атанып, бүкіл көрермен саған қошемет көрсеткен сәтте қандай сезімде болдың?

Ерболат: Сол сәттегі көңілкүйімді бірауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес. Әрине қатты қуандым. Өте керемет сезім!

«Жас қалам»: Осындай дәрежеге жету жолында қай адамдардың есімдерін атап кете аласың? Және алдағы уақыттағы жоспарларыңыз қандай?

Ерболат: Әрине, менің бапкерім Қанат ағаны. Сол кісінің тынымсыз еңбекқорлығы мен қатаң талабы мені осы жеңіске жеткізді деп білемін. Өз жоспарларыма келсем, алдағы уақытта іріктеу кезедесулер бар. Сонан соң ақпан айында Ақтау қаласында өтетін Республикалық жарысқа қатысу да жоспарымда бар.

«Жас қалам»: Сұхбатыңа көп рахмет! Алдағы уақытта сәттілік тілейміз!

***Сұхбатты жүргізген Сүйеніш Өмірғұл***

# Менің отбасым

Бағып-қағып өсіретін
Менің әкем ардақты.
Немересін сүйетін,
Апам менің қымбатты.
Арттан ерген бауырым,
Ішіндегі тәуірім.
Балдырлаған тіліңнен,
Айналайын өзіңнен!
Сіңлім менің қылықты
Моншақ тағып жүреді.
Құлағынан сырғасын
Ешқашан да шешпейді.

# Туған жеріме

Табиғатың мол екен,
Мөлдір суың бал екен!
Ақша бұлттар күмбезің
Жаңбырың да ырысың!
Жырақта жүрсең ,балақай,
Асықсаң әркез үйіңе
Туған жерің күлімдеп
Құшақ жайып күтеді

***Нұрбай Әди, 5- сынып оқушысы***

# Ұстаз мерейі арта берсін!

Ұстаз – адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол, рухани жан дүниесіне үңіле білетін, білімнің дәнін себуші, жасөспірімдердің рухани тәлімгері. «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» деп ұлы Абай жырлағандай осы сөзге лайықты әріптестерінің құрметіне, шәкірттерінің сүйіспеншілігіне бөленіп жүрген ұстаздардың бірі – Шегірен орта мектебінің география пәнінің мұғалімі Алисадықова Қайша Айтқалықызы. Ол елемен Қазақстанның тәрбиелі, білімді, адамгершілігі мол ұрпағын қалыптастыру жолындағы үлкен табандылық және шыдамдылықпен қатар жұмыс істеп келе жатқан мерейлі ұстаз. Бүкіл саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған Қайша Айтақалықызы 1959 жылы 10 қазанда Есілбай ауылында дүниеге келеді. Шалдай орта мектебінің табалдырығын аттап, өзінің табандылығымен, өткірлігімен қатар қатарластарының алды болып, оқуын жақсы аяқтайды. Сол жылы Павлодар Педагогикалық училищесіне түсіп, оны сызу және еңбек пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша ойдағыдай аяқтайды. Кейін 2005жылы Павлодар Педагогикалық Институтының география мен тарих бөлімін сырттай тәмәмдайды. Ұстаздық жолын Есілбай орта мектебінде бастайған ұстаз 1982 жылдан кейін оны Шегірен орта мектебінде жалғастырады. Осы жылдар ішінде Қайша Айтқалықызы талай оқушыны тәрбиелейді. Оларға саналы білім мен саналы тәрбие беріп, қанаты қатаймаған сұңқарды қыранға айналдырып , алтын ұя мектебінен ертеңгі ұлтжанды ұландарды ұшырады. Ұстаз ұстаздық мәртебесін асырып, өз оқушыларын олимп шыңдарына жетелей білді. Мысалы 2015 жылы оқушысы Оспанов



Аслан облыстық пән олимпиадасына қатысып, география пәнінен жүлделі III орнынға иеленді. Осындай жетісік ескерусіз қалмай, ұстаз жоғары санатқа ұсынылып, түрлі дәрежетегі алғыс хаттармен марапатталды.

Қайша апай - өзінің жүріс-тұрысымен, киім киісімен, сөйлеу шеберлігімен барлық жағынан бізге үлгі. Бір ұстаздың бойында осыншама игі қасиеттерін айтып беру оңай емес. Бүгінде сүйікті ұстазымызды 58 жылдық мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, баянды ғұмыр мен шығармашылық шабыт тілейміз! Ұстаз мерейі арта берсін!

***Жиналған Аманболсын***

Твой Мир
сенің әлемің
№21-22
(402-403)
от 30 ноября
2023 года



# Мерейлі мектеп

Мектеп – болашақ негізін қалыптастыратын, ел мерейін



асқақтататын тұлғалар дайындайтын құтты мекен. Мектеп шәкірттеріне тәрбие, білім беретін киелі орда.

Бүгінгі мақаламды білім беру кеңістігінде өзінің 55 жылдық тарихы бар Май ауданы Саты ауылындағы Саты негізгі орта білім беру мектебінің тыныс тіршілігіне арнағым келеді.

Жас ұрпақты бүгінгі қоғамымыздың жан-жақты жетілген, жарасымды азамат етіп қалыптастыру – мектеп ұжымының мақсаты, шын





жүректі тілегі. Ал осы ұжымды басқарып отырған білікті басшы, тәжірибелі тәлімгер, ұлағатты ұстаз, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Анафина Алия Нұрғазықызы. Ұзақ жылдар бойы ұстаздықтың ұлы жолында өзінің айшықты еңбегімен даралланған Алия Нұрғазықызы жайлы ерекше ілтипатпен айтуға болады. Ол – ұлағатты ұстаз. Себебі ғибратты ғұмырының 39 жылын болашақ буындарды оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнап



қана қоймай, мектепке келген талай жас маманға бағыт-бағдар беріп, олардың жақсы маман болып қалыптасып кетуіне өзіндік үлесін қосқан жан. 2022 жылы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында мектебіміз күрделі жөндеуден өтті. Сол жылы оқушыларды салауатты өмір салтына баулу мақсатында және футбол ойынын жақсылап үйрету мақсатында футбол алаңы салынды. Онда оқушыларымыз бос уақытында доп теуіп ойнайды.

Ұжымда 14 ұстаз, 1 педагог-психолог, 1 аға тәлімгер жұмыс атқарса, 45 бала білім алуда. Мектепте балалардың бос уақытын ұйымдастыратын 3 секция және 4 үйірме жұмыс жасайды.

Ғасырымыздың ғұлама қаламгері М.Әуезовтың «Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса ел болғаны



қайсы?» деген ой жетегінде ең алдымен ұрпақ тәлімгерлеріне, ардагер ұстаздарымызға үнемі бас иеміз. Биылғы жылы Ұстаздар күніне орай 14 ардагер ұстазымыз ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

«Адамзатқа ең алдымен тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы» деген ұлы ғұлама Әл-Фарабидің сөздерін бағытқа ала отырып мектепте тәрбие жұмысы да жоспарлы түрде жүзеге асуда. Мектептегі дәстүрлі мерекелермен қатар, мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан жобалар да бар. Солардың ішіндегі мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында орта білім беру саласындағы «Оқуға құштар мектеп» жобасы. Бұл жоба – оқушылардың, кітапханашылардың, ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын қалыптастыру мен жетілдіруге, оқу мәдениетінің деңгейін арттыруға және оқуды насихаттауға бағытталған. Мектеп кітапханашысы тарапынан отбасылық оқулар, кітапханадағы кездесулер, TEDx форматындағы



талқылаулармен қатар, пән мұғалімдері де сабақ барысында 5минуттық оқу, квест ойындары мен түрлі сауалнамаларды өткізуді дәстүрге айналдырған.

Патриоттық сезімнің үздік үлгісі – туған жеріне, білім алған



мектебіне құрмет көрсету. Себебі: әр адамның өмірде табысқа жетуінде – туған мектеп пен мектеп мұғалімдерінің қосқан үлесі зор. Осы құрметті мектеп түлектері үнемі білдіріп жүреді. Атап айтсақ: білім ордасының 1973 жылғы түлектер өскелен ұрпаққа үлгі болсын деп және өз





ұстаздарын ұлықтау мақсатында «Ардагер ұстаздар» тақтасын жасап қойды. Сонымен қатар 1973 жылғы түлектері шағын орталыққа музыкалық орталық сыйға тартты.1981 жылғы түлектері мектепке 12 дана домбыра сыйласа, 1989 жылғы түлектер домбыра сыныбын безендіруге жәрдемдесті. 1983 жылғы түлектер мектептің акт залына кілем сыйласа, 1996 жылғы түлектер мәжіліс залын безендірді. 1990 жылғы түлектер тақырыптық стендтер жасап, мектептің жалпы безендірілуін қамтамасыз етті. 1993 жылғы түлектер мектеп мұражайын жиһазбен толықтырды. 1991 жылғы және 2011 жылғы түлектер мектептегі іні-қарындастары үшін шахмат кабинетін толықтай жабдықтап, безендіріп берді. 1992 жылғы түлектер ұстаздар үшін заманауи «Teachers office» жабдықтап, безендіріп берді. 2003 жылғы түлектер мектептегі шаралардың толыққанды өтуі үшін музыкалық аппаратура сыйлады. Осындай жомарт ағаапаларымыз, іні-сіңлілеріміз аман болсын деген тілекпен алғысымызды айтамыз.

Бұл мақалада мектебіміздің тыныс тіршілігінің біраз бөлігі ғана айтылды. Мектептің ең басты құндылығы – сапалы сабақтар беру мен қатар саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ендеше, осындай уақытпен санаспай, еліне қалтқысыз қызмет етіп, жас ұрпақты бақытқа жетелеп жүрген ұстаздарға толағай табыс, шығармашылық табыс тілейміз.

***Н.Дошматова***
***Май ауданы***
***Саты негізгі орта білім беру мектебінің мұғалімі***

Газета Павлодарской областной детско-юношеской организации
Твой Мир
сенің әлемің
№№21-22
(402-403)
от 30 ноября
2023 года

***Құрметті оқырман бүгін біздің газетіміздің қонағы Павлодар қаласы №39 ЖОББМ-нің 2 «А» бастауыш сыныбының оқушылары, Ұстазы Асаинова Айгерим Орынбасаровна***



# Менің отбасым

Менің отбасым төрт адамнан тұрады. Әкем, анам, қарындасым және мен. Мен өз отбасымды жақсы көремін, сыйлаймын. Ата-анамды құрметтеу, кадірлеу бұл әр баланың міндеті. Ата-анамды жақсы көремін. Олар мені жақсы көреді. Мен отбасыммен бақытты өмір сүріп жатырмын.

***Қайырболат Асылжан***



# Отбасым-Отаным

Отбасым менің ата-анам,
Отбасым сүйікті Отаным.
Тәрбиені маған берген
Қамқор менің отбасым.
Жақсы көремін ата - анамды,
Қадірлеймін оларды.
Басты менің міндетім,
Үлкендерді құрметтеу.

***Мусина Наргиз***

# Әже

Менің әжем, ақ әжем ,
Ақылды бол деп үйреткен.
Тағамы дәмді , бал әжем
Теңтектігімді кешірген.

***Серікбай Санжар***

# Гоша

«Гоша» деген мысығым бар.
Оны жақсы көреміз.
Гошамен біз әрқашан
Көңілді уақыт өткіземіз.

***Негман Айсұлтан***



# Бастауыш сынып апталығы

Павлодар қаласының № 39 жалпы орта білім беру мектебінде қараша айында бастауыш сынып апталығы өткізілді. Апталық барысында түрлі - түсті апта білім калейдоскопы өткізілді. 2 «А» сынып оқушылары белсенділік арттырып, қызығушылықпен бұл апталыққа қатысты. Дүйсенбі оқушылар көк түсті белгі киіп ерекшеленді. «Копьютерді таста ясы ұйымдастырылды. Оқушылар әр сабақта көркем жазуға тырысып белсене қатысты. Бейсенбі күні сары түс күні. Оқушылар кез келген геометриялық фигурадан сурет салды. Жұма күні түрлі – түсті күн болып саналды. Оқушылар әртүрлі түстен соңғы күн белгі киіп келді. Ең белсенді қатысушыларды сол күні марапаттады. Сонымен қатар, ашық



да, кітаптарды оқы» ұранымен оқушылар әр сабақ соңында бес минуттық оқу ұйымдастырды. Оқушылар өздерінің сүйіп оқитын ертегілерін оқыды. Сейсенбі күні табиғат күні. Оқушылар жасыл түсті белгі киіп ерекшеленді. Екінші күннің тақырыбы «Сүйікті жануларым» атты суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылардың жануараларға деген қамқорлық пен махаббатын арттыру мақсатында суреттер салынды. Әр оқушы өзінің сүйікті жануарын қағаз бетіне түсіріп көрмеге қатысты. Сәрсенбі күні көркем жазу акци-сабақ, «Намыс дода» ойын сабағы өткізілді. Оқушылар түрлі ойын тапсырмаларын орындап, түрлі әдісті тапсырмаларды орындап сынақтан сүрінбей өте білді. Әр оқушы белсенді қатысып, қызығушылықтары артты. Алдағы уақытта осындай әлі де көп мерекелер бізді күтуде. Алда тек қана өз білімімізді көрсетіп, алғырлар болып алда жүреміз деген ойдамыз.

***№39 ЖОББМ***
***2 «А» сынып жетекшісі***
***Асаинова Айгерим***

# Менің сүйікті ертегім

Ертегіні барлық бала сүйіп тыңдайды. Мен де ертегілерді жақсы көремін. Менің сүйікті ертегім ол «Бауырсақ» ертегісі. Өйткені, мен оны әріптерді танығаннан оқыдым. Бауырсақ ертегісінде ата, әже, аю, қасқыр, қоян және түлкі бар. Менің сүйікті кейіпкерлерімнің бірі ол - бауырсақ. Ол өте сүйкімді, өлеңді де жақсы оқиды.

***Маукеева Инжу***



# Менің сүйікті жануарым

Мен барлық жануарларды жақсы көремін. Себебі, әр жануар өзінің сүйкімді түрімен, қылығымен тәтті, менің басқа балалаларға айтарым: далада, суықта қалған жануарларға кішкентай мысық, күшіктерге қамқор болыңдар! Өзім мысықты өте жақсы көремін. Өйткені, онымен ойнауға болады. Менің апам «мысық қасиетті жануар» дейді. Ол адамның ауырған жерін сезіп емдейді. Менің ойымша, барлық жануар қасиетті. Сондықтан барлығына қамқорлықпен қарау керек.

***Айкынова Акнур***

БАЛА ТІЛІ - БАЛ

Твой Мир сенің әлемің
№21-22
(402-403)
от 30 ноября
2023 года

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

*Қазақтық*

# Дәмету

***Дәмету*** – ежелден келе жатқан қазақы бірлік пен бауырмалдықтың, сыйластықтың арқауы болған көне жоралғылардың бірі.

Дәметудің түрі де көп. Біреу ас дәметсе, біреу алғыс дәметеді, біреу қолұшын берер деп көмек дәметсе, біреу жылы сөз айтар деп көңіл дәметеді.

Дәл сол секілді дәмету барлық адамға тән. «Көңілі бір атым насыбайдан қалатын» қазақ дәметкіш халық. Жас бала, жасамыс әйел, атпал азамат, ақ сақалды қарт, ақ жаулықты әже де дәметеді. Себебі көңіл бар жерде көкірек дәмешіл.

Мұндайды қазақ: «Сары майдан дәметкен кеудең құрысын», - деп әнге де айналдырған.

Ертедегі қариялар «Ер адамның дәметкені ауыр болады, тіпті дәмесі басылмай өліп кетуі мүмкін» деп отыратын. Ал бала көңілі дәметсе, жүрегі суып, жүзі жылымасқа айналады дейді.

Ырымда жас келіншектердің дәметуінің жөні бөлек. Жас балалар мен келіндер ата-енесі қонақтан келсе, олардан тәтті дәмететін әдеті бар. Әсіресе юалалы жас келіндер дәметсе оның меселін қайтаруға болмайды. Өйткені дәметіп отырып, ойындағысы болмаса оның омырауы ісіп кетеді. Бұл өмір шындығы. Ал үлкен кісілер, аналар, әжелер жас келіншегі бар үйге дәметіп қалар деп қашанда қалтасына дәм-тұзын сала жүреді. Бұл әркім ескере жүретін ескіден келе жатқан ырым.

Кейде жас келіндер өздерінің дәметкенін жасырып қалып, арты омырау сүті шықпай, тартылып қалуға, тіпті омыраулық қатерлі ісігіне әкеп соғатын кездері болады. Сондықтан дәметкен адам неден және кімнен дәметкенін ашып айтуы керек.

Халқымыздың ежелгі ырымында дәметуді қайтарудың да жолы бар. Ол үшін жас келіннің дәметкен адамы, сол дәметкен асып алып барып, түсін суытып, келінді омырауынан ұратын болған. Онда да жай ұрып қоймай, онда да жай ұрып қоймай, «дәметкен асыңды же, әжеңнің қанын іш!» дейді.

Бұл сөз жай адамға айтылса, аса ауыр сөз. Ал дәметкен әйелге айтылғанда, оның меселін қайтарып, көңілін сыуты мақсатында айтылады. Өзі дәметкен адамынан көңілі қаншалықты тез суынса, омырауы да соншалықты тез жазылады деген ұғым бар.

### *Психологиялық мәні:*

Жаңа босанған, омырауда баласы бар әйелдің дәметуінің және оны туыстарының қанағаттандыруының, егер қанағаттандырмаса, омырауы ісіп кетеді деген қазақы жорамалдың астарында үлкен сыр жатыр.

Кеше аяғы ауыр болып, мейірім мен түсіністікке, «не ішіп, не жеймін»-ді білмеген әйелдің психоэмоционалды жағдайы бала дүниеге келе салысымен өзгеріп кетпейді.

Кейбір ғылыми деректерге сүйенсек, жүктіліктің соңғы үш айындағы көңіл күйі әйел босанған соң да біраз уақыт сақталады. Нақтырақ айтсақ, баланы босанғаннан кейінгі бала емізетін ананың эмоционалдық жағдайы оның жүктілігінің соңғы 3 айындағы көңіл күйімен тікелей байланыста болады екен.

Шынында да, жүкті әйелдің санасында аз уақыттың ішінде қарқынды өзгерістер болады: кешегі бойжеткен ана болуға, балалы болуға дайындалады (егер отбасында бала болса, сол отбасы жаңа адаммен толығады), одан беріде дүниеге келген бала үшін оның өмірі мен тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауға мәжбүр.

Тоғыз ай тоғыз күн бала көтеру – айтқанға жеңіл болғанмен, ана бойында баланың өміріне қатысты түрлі физиологиялық, психоэмоционалдық өзгерістер оның ықтиярынсыз орын алады. Оған қоса, бұл жан мен тән әлеміндегі жағдайлар ана мен баланың тоғыз айлық өмірі аяқталған тұста жалғасады, ана өз қалпына келе бастайды. Осы тұста ішіндегі баласы «сыртқа шығып», дербес өмірді жалғастыруы, баланың ана құрсағына тәуелділігінің аяқталуы – ананың өзін керексіз сезінуіне әкелуі мүмкін.

Жоғарыда айтылғандай, босану – әйелдің жүктілікке дейінгі қалпына сол күні оралу деген сөз емес. оның психоэмоционалдық жағынан да жүктілік кезіндегі бойы мен ойы біраз уақытқа жалғасады. Осы тұста жаңа босанған әйелге мейірім мен жас балаша қарау доғарылса, оған жүкті кезіндегідей қатынас жалғастырылмаса, ананың онсыз да құбылмалы көңіл күйі өзгеріп, өзін босанғаннан кейін керексіз сезінуі мүмкін. Осыны сезген қазақ, қырағылық танытып, жас босанған ана өзін керексіз сезінбеуі үшін оған да жас балаша қарауын жалғастырған. Дәметкенін берген. Сондықтан бұл салттың астарында тек «жас ананың сүті тартылмасын, бала сүтке жарысын» деген түсінік қана емес, сонымен бірге әйелдің психоэмоционалдық жағдайының босанғаннан кейін де ары қарай жалғасын табатындығы ескерілген сияқты.

Бұған қоса дәметкен асын берудің астарында – ұлтымыздың түрлі жағдайға байланысты ана сүті ерте қайтуының алдын алудың маңыздылығын түсінуі жатыр. Ал өз кезегінде ана сүтінің жеткілікті болуы психологиялық үлкен астарға ие. Баланы емізу барысында бала мен ананың продиалогы;

- бірін-бірі санамен емес, бар жан-тәнімен дамитындығы;
- бір-біріне берілуі;
- бастапқы қарым-қатынасының дамитындығы;
- бала өміріндегі мәні;
- айналасымен диалог құра білу мүмкіндігі сияқты өмірлік мәні бар қабілеттерінің іргетасы қаланады.

Сонымен бірге қазақ ес-түссіз дәмете берудің дұрыс еместігін түсінген. Дәметуді қайтару – ананың жас бала емес, үлкен жауапкершілік иесі екендігін есіне салуы, әйелдің «есін жиюына» әсер етеді.

*Жады-нама*

# Есте сақтауға пайдасын тигізетін нәрселер

***1) Дұрыс тамақтану***

Түрлі-түсті бояулардан тұратын өсімдіктер, жидектер мен көкөністер, жемістер, мал



еті, балық еті, құс еті, табиғи сүт өнімдері. Олардың ішінде: бал, құрма, жүзім шырыны, інжір, асқабақ дәндері, қырыққабат, аскөк, шпинат, мейіз, авокадо, алма, брокколи, баклажан, грек жаңғағы, жасымық, жұмыртқа, қара зере, зәйтүн.

***2) Таңғы асты тастамау***

Дұрыс тамақтанса да, таңғы астың маңыздылығына мән бермейтіндер көп. «Таңғы асты патшадай іш, түскі асты ханзададай іш, кешкі асты кедейдей іш» деген сөз бар. Әсіресе таңғы асқа ботқа жеу керек. Дәнді дақылдардың құрамындағы ақуыздар ұзақ сіңеді. Демек, түскі асқа дейін бізді қажетті энергиямен қамтамасыз етеді.

***3) Күмәннан арылу***

Біреу жайлы және болашақ жайлы түрлі күмәннан арыл. «Болашағым не болады екен?» ауырып қалмаймын ба? Осы пәленше менің дүниемді пайдаланып кеткісі кеп жүрген сияқты ма, қалай өзі?» деген сияқты пайдасыз ойлардан басыңды тазарт.

***4) Кінәламау. Ашу, ренiштен, жағымсыз естеліктерден арылу***

Он кітап салынған рюкзакты арқалап көріп пе едің? Оны бір күн бойы арқаласаң ше? Оны қоя берші, бір жыл арқалау қалай болады екен? Жағымсыз естеліктер де сондай. Оны көтеріп, жүре бергенше, өткен іс өтті, кетті деп, өткенге қалдыру керек.

***5) Табиғатқа шығу***

Жаңа ортаға шыққанда, табиғаттың әсем жерлеріне аяқ басқанда, мида қандай ғажайып процесстер орын алады десеңші. Жаңа нейрондық байланыстар



түзіліп, ақпараттар сел боп ағады. Ми демалып, сергиді.

***6) Жұмысты уақытылы орындау***

Істі кейінге қалдырудың салдарынан кезінде оңай болған істер енді қиынға айналады. Оны көрген сайын беттегің келмейді. Уақытылы жасалмаған істер адамды стресске түсіреді.

***7) Оң қырымен жату***

«The Journal of Science» журналында жарияланған мақалада ғалымдардың зерттеуінде оң



жақпен жатудың миға пайдалы екені айтылған. Етпетінен, шалқасынан, сол жағымен жатқаннан гөрі, оң жақпен жатуға тырысу керек. Бір қырынан жатқан адамның глифматикалық жүйедегі сұйықтық айналымы жақсы болады. Глифматикалық жүйе дегеніміз – мидың қан тамырларының айналасында шоғырланған түтікшелер кешені.

***8) Оңашалану***

Күн сайын қаншама ақпарат ағынына қарсы келеміз. Смартфон, теледидар, жарнамалық алаңдар, газет, радио – бәрінен түрлі ақпараттар келеді. Бұған энергияңды сорып алатын арызқойларды қос. Осындайда он минутқа өз-өзіңмен оңашалануға дұрыс. Миыңа тыныштық бер.

***Бетті әзірлеген***
***Бегімхан Ибрагим (КЕРІМХАНҰЛЫ)***
***Ақсу қаласының Абай атындағы №2 ЖОББ мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі***
***Павлодар облысы***
***Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі***

Твой Мир сенің әлемің

№№21-22
(402-403)
от 30 ноября
2023 года

В БЛОКНОТ УЧИТЕЛЯ

# Будни школьного музея

В 2002 году в Железинской ОСШ №2 создан школьный краеведческий музей. Здесь собраны уникальные экспонаты из истории села, школы, педагогов и учащихся. Музей с интересом посещают и взрослые, и дети. Нам есть что показать и чем гордиться. Музей ежегодно участвует в конкурсах и занимает призовые места.

Работа проводится в разных направлениях. Помимо познавательной, исследовательской, экскурсионной, конкурсной деятельности, ведется летопись проведенных мероприятий. Хотим поделиться несколькими записями о некоторых встречах в музее.

«Каждый год в майские дни наш народ вспоминает грозные годы войны, чтит память павших героев, кланяется живым. Хотя прошло уже 78 лет со Дня Победы, но время не властно над памятью людей разных поколений. Вот и сегодня в Железинской ОСШ №2 для воспитанников класса предшкольной подготовки проведён урок, посвященный Великой Отечественной войне. Ребята познакомились с книгами по этой теме и посмотрели музейную экспозицию».

«Урок познавательной информации «На досуге не скучаем и всех чаем угощаем». С таким названием сегодня прошло мероприятие во 2 «Б» классе, которое подготовила школьный библиотекарь Дегтярева Татьяна Семёновна. Ребята узнали о родине чая, странах, где можно попробовать чай с разными вкусами. Более 2000 видов этого повседневного напитка встречается в мире. Дети посетили выставку чая, собранную к Новому году в школьном музее».

«В музее Железинской ОСШ №2 оформлен стенд «Слава тебе, победитель - солдат!», посвященный 100-летию со дня рождения Героя Советского Союза Квиткова Александра Спиридоновича. Учащиеся 9»Б» и 2»Б» классов узнали о подвиге, о жизненном пути нашего земляка».

«С учащимися 9 «А» класса Железинской ОСШ №2 проведён урок мужества «И ты ей место в памяти найди», посвященный 100-летию со дня рождения Героя Советского Союза Маншук Маметовой. Вниманию ребят представлена книжная выставка «Отважная Маншук». Учащиеся познакомились с литературой и публикациями в периодической печати о прославленной пулеметчице».

***Татьяна Дегтярева, руководитель музея Железинской ОСШ №2***






















Газета Павлодарской областной детско-юношеской организации
Твой Мир
сенің әлемің
№21-22
(402-403)
от 30 ноября 2023 года

ПРОБА ПЕРА

# Призер конкурса «Учитель года» - наша гордость

В жизни бывает множество учителей. Первый мой учитель - это мама. Сначала у меня был другой учитель - Скакова Надежда



Ивановна, но на смену ей пришла Донец Жанна Васильевна. Это был добрый учитель. Класс светился от ее прекрасной улыбки! Вела нас Жанна Васильевна до четвертого, выпускного класса.

А на смену Жанне Васильевне пришла Удербаева Даметкен Бегалиевна. Даметкен Бегалиевна - учитель физкультуры. В нашем классе она ведёт уроки физкультуры с первого класса. А классным руководителем стала сразу же, как только мы перешли в среднее звено, в 5 класс. И мы, и наши родители радовались, что именно Даметкен Бегалиевна – наш классный руководитель.

Наша Даметкен Бегалиевна везде успевает: секции допоздна проводит. После любого мероприятия или праздничной программы в классе мы устраиваем чаепития. Незабываемый праздник получился на праздник Наурыз. Вместе с родителями мы подготовили не только стол, богатый и щедрый, но и конкурсы. Получилось очень хорошо. Вместе с Даметкен Бегалиевной мы устроили проводы для одноклассницы Шлегель Эвелины. Семья Шлегель уезжала на ПМЖ в Германию. Все было хорошо, по–доброму. А во время проводов мы плакали все, и Даметкен Бегалиевна вместе с нами. А еще наш классный руководитель вместе с нами пожилым людям помогает и участвует в «чистой пятнице», и на концертах поёт. И получается отлично, замечательно, просто СУПЕР!

Наш прекрасный руководитель – учитель физкультуры. Победитель районного конкурса «Учитель физической культуры года» Даметкен Бегалиевна во 2 четверти (8 - 9 ноября 2023 года) участвовала в областном конкурсе учителей физической культуры «Лучший педагог физической культуры». Мы болели за своего учителя. Заслуженное второе место на областном конкурсе. После конкурса мы поздравили своего учителя и попросили рассказать о конкурсе. И вот что мы узнали:

- Перед областным конкурсом в каждом районе прошли конкурсы. «Учитель года физической культуры». Конечно же, в областном конкурсе участвовали лучшие из лучших, мастера своего дела, асы физической культуры. И таких учителей на конкурсе было пять человек.

- А что Вы делали на конкурсе?

- Сначала надо было провести урок физкультуры в незнакомом классе. Мне достался 5 класс «М» школы имени Мухтара Ауэзова города Павлодара, 27 учеников. Я провела урок по теме «Волейбол». Все прошло хорошо. И ученикам, и мне понравилась работа на уроке.

- А другие учителя то же самое делали, что и Вы?

- В школе имени Ауэзова двое учителей проводили уроки. Потому что с русским языком обучения. А трое коллег проводили уроки на



казахском языке рядом, в школе № 25. Наши уроки и презентацию работы (визитку) оценивало компетентное жюри. В состав жюри входили преподаватели кафедры физической культуры ПГПУ имени академика А.Маргулана. Конечно, мы очень волновались, но все прошло хорошо.

- А что было на конкурсе после урока?

- Мы выступили перед жюри со своей визитной карточкой. Вот там мы рассказали о своей работе, представили внеклассное мероприятие по предмету.

- А кто Вам помогал готовиться к конкурсу?

- У меня были замечательные помощники: председатель совета ветеранов Гончарова Галина Николаевна и наш учитель физкультуры Молдабаева Ельмира Истаевна. Они у нас МОЛОДЦЫ! Мы очень хорошо подготовились. За что я говорю большое человеческое СПАСИБО! Конечно, я немного волновалась, но защитила отлично!

- Вы рады, что участвовали в конкурсе?

- Да, я рада, что смогла показать высокий уровень подготовки. Хочу сказать, что и в селах работают замечательные специалисты. Талантливые, креативные учителя физической культуры. Спасибо всем за помощь и поддержку. После награждения сразу же в чате учителей школы меня поздравили коллеги, вы поздравили. А в группе «Павловка» первой поздравила наша Рита Петровна (учитель РиЛ Варава Р.П.) и фотографии выставила. Потом земляк Скаков Нурлан ссылку на Инстаграм выложил, так что телефон разрывался от поздравлений, смс и звонков! Приятно, что труд мой ценят, меня любят и уважают.

- Даметкен Бегалиевна, мы Вас еще раз поздравляем с таким успехом! Вы, Даметкен Бегалиевна, молодец! Желаем Вам доброго здоровья, успехов в работе!

Мы, 8 класс, гордимся своим талантливым классным руководителем, хорошим учителем физкультуры!

***Сабина Орумбаева, Арина Пирогова 8б класс Павловская СОШ Успенский район***

# Как Баба Яга попала в Казахстан к Алдару Косе

Жила была Баба Яга на опушке леса в своей избушке на курьих ножках. Возле избушки Бабка разбила цветники, посадила огород.

Вот она полила все свои цветы, овощи и решила отдохнуть. Решила Баба Яга полетать, мир посмотреть, себя показать. Села в ступу, взяла метлу и полетела. Все бы ничего. Но вдруг поднялся ветер. Он был такой сильный, что унес Бабу Ягу далеко – далеко от родных мест. Так неожиданно Баба Яга оказалась в казахских степях.

А Алдар Косе в это время пас своих баранов. Смотрит: с неба что - то летит. Тут бах!!! Упала на него с неба какая – то маленькая бочка. А в бочке невысокая, худенькая, костлявая женщина с метлой в руке! О, Керемет!

Кое – как поднялся Алдар Косе, смотрит на Бабу Ягу, а она – на него. Ничего понять не могут. Баба Яга в шоке от увиденного: степь, овцы, незнакомый мужчина, ступа на земле, метла в руке!

- Что делать? – подумал Алдар Косе. Делать нечего. Пригласил незнакомку Алдар Косе в свою юрту. Подогрел чайник, накрыл стол. А Баба Яга сидит в юрте, понять ничего не может. Где стол? Где стулья? А столик маленький, круглый, невысокий. Стульев нет. Есть маленькие подушечки. На них садятся, на них опираются. На столе незнакомые блюда: жареные шарики, масло, халва, какие – то шарики из сыра, вроде. Налил Алдар Косе себе и гостье чай, предлагает поесть. И спрашивает, нужен ли Бабе Яге сахар? А спрашивает – то на казахском языке! Ну откуда Баба Яга знает, что это сахар?! Попили чай, поели, что бог послал. А вот поговорить не смогли. Алдар Косе говорил на каком - то звучном, красивом языке, который гостья не понимала.

После чаепития хозяин помолился, положил какие – то вкусняшки в сумку. «Саркыт!» - услышала Яга. Она ничего не поняла, но поблагодарила хозяина за гостеприимство, поклонилась ему. Сказала «спасибо большое за приют и угощение!»

Через два дня Баба Яга оказалась в родной избушке. Как же хорошо дома!

Сделав свои дела, Баба Яга на ступе отправилась в Казахстан. Полетела она не с пустыми руками, привезла хлеба домашнего, блинов, ягод, разных сладостей. Взяла с собой свой чайник. В нем Яга заварила чай из листьев малины и чабреца. Чай очень понравился Алдару Косе. Они что - то говорили, каждый на своем языке. И смеялись. Со временем Алдар Косе и Баба Яга выучили казахские и русские слова. Стали понимать друг друга, подружились. Только в гости чаще всего прилетала Баба Яга на своей ступе. Ведь Алдар Косе не мог оставить хозяйство без присмотра. А Алдар Косе с нетерпением ждал милую, добрую гостью.

Тут и сказке конец! А кто слушал – тот и молодец!

***Ясмин Жұмабай, 8 а класс Павловская СОШ Успенский район***

# Дружба собаки и кошкара

В одном ауле у хороших людей жили овцы и собаки. Пес Граф подружился с кошкаром (баран - производитель) по кличке Мальчик.

Как-то раз вечером хозяин гнал овец домой. И тут выбегает Граф, встречает стадо. Ищет своего друга Мальчика, ищет и найти не может. Позже и хозяин понял, что несколько овец пропали. Весь вечер Граф был грустный, не хотел ни кушать, ни пить.

На следующее утро хозяин погнал овец в стадо, а сам отправился искать пропавших овец. Граф высматривал овец. Снова нет друга Мальчика.

Прошло несколько дней. Овец не было. Граф грустил. Не ел и не пил. Он ждал своего друга. Наконец, хозяин пригнал пропавших овец. Они приблудились в соседнем ауле.

Граф выбежал навстречу овцам. Как же радовались кошкар Мальчик и пес Граф долгожданной встрече. Они бодались, играли, бегали. Хозяин со своей семьей смеялись. « Вот так друзья!»

Хозяин загнал в загон овец. Кошкар Мальчик вместе с овцами



ел сено, пил воду из чана (приспособление для закачки воды животным). А к псу Графу вернулся аппетит. Он с удовольствием поел, погрыз косточки, попил воды. Через время хозяин увидел, что его любимый пес спит в будке. А кошкар Мальчик отдыхал в загоне вместе с овцами.

Вот такая история произошла в ауле. Дружба не имеет границ.

***Ясмин Жұмабай, 8 а класс Павловская СОШ Успенский район***

Твой Мир сенің әлемің
№№21-22
(402-403)
от 30 ноября
2023 года

# Мир библиотеки

Для ребенка посещение библиотеки – это не просто поход в книгохранилище. Это – приобщение к миру культуры, осознание себя



частью большого сообщества, объединенных книгой и знаниями.

Во все времена библиотеки были центром культурной жизни. Вспомним римские библиотеки, знаменитую Александрийскую библиотеку. Проведение различных общественных мероприятий в библиотечном интерьере также имеет очень полезный, воспитательный смысл. «Литературные гостиные», встречи с авторами, конкурсы начинающих поэтов, встречи читателей – все это широко практиковалось в советских библиотеках. К сожалению, сегодня это не частое явление.

В этом году Павлодарская область отмечала 100-летний юбилей великому поэту Музафару Алимбаеву.

Ученица 3 «Л» класса выступала на защите проектов в честь юбилея. Создала сборник стихотворений, киноленту. Всем классом сходили в нашу школьную библиотеку и подарили материал. Библиотекарь рассказала детям очень интересные факты.

Посещение библиотеки останется в памяти как одно из главных воспоминаний детства! Пусть библиотека станет родной для ребенка, станет частью его жизни, таким местом, где он будет чувствовать себя комфортно и уютно!

***Ларгизова А.В.,***
***классный руководитель***
***СОШ №39***

# Акция «Дары осени»

Учащиеся 4 – х классов с воспитателями Специальной школы – интернат № 4 приняли участие в акции областного проекта «ЭКО boom» по созданию коллекции семян растений в оригинальном оформлении из бросового материала.

Результатом данной работы стала коллекция семян овощей и фруктов под названием «Бабушкины закрома».

В процессе подготовки коллекции к акции были использованы различные виды работ: изучение познавательной информации о пользе овощей и фруктов, в ходе которой применялись изобразительная деятельность, сбор и классификация семян, подготовка швейных изделий для хранения семян и непосредственное составление коллекции. Мы стремились найти как можно больше семян овощей и фруктов, полезных для здоровья человека. В нашей коллекции более 10 сортов различных семян: укроп, перец, томат, фасоль, кукуруза, баклажан, горох, огурец, морковь.

Это способствовало развитию знаний о разнообразии плодов и семян, воспитанию бережного отношения к природе и формированию знаний об объектах окружающего мира, природы.



Ребята учились коллекционированию, умению различать и классифицировать семена растений по признакам.

Благодаря этой работе дети осознали необходимость вести здоровый образ жизни, употреблять овощи и фрукты, т.е. обогащать организм витаминами.

***Дубина Н.В., воспитатель 4 «В» класса***
***Федичкина Л.В., воспитатель 4 «Б» класса***

# Всемирный день ребенка

В период с 15 ноября по 25 ноября 2023 года в организациях образования района Аққулы организована и проведена Республиканская декада «Всемирный день ребенка: жизнь, посвященная детям».



Цель Республиканской декады: выработка единых подходов к организации праздничных мероприятий, объединение усилий государственных структур, общественных, неправительственных и международных организаций, бизнес-кругов, СМИ в привлечении внимания общества к вопросам реализации государственной политики в интересах детей.

Задачи Республиканской декады: построение конструктивного диалога государственных органов и гражданского общества; информирование общественности о государственных мероприятиях, направленных на обеспечение прав и интересов детей; активизация благотворительного движения; обеспечение массовым охватом праздничными мероприятиями, в том числе дистанционными, всех категорий детей.

Актуальность проведения Республиканской декады: обеспечение прав и законных интересов детей является одним из основных направлений национальной политики Республики Казахстан. Организация мероприятий, посвященных Всемирному дню ребенка, является свидетельством особого внимания вопросам обеспечения прав детей, государственными органами, неправительственными и общественными организациями.

В организациях образования проведены встречи воспитанников организаций образования для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей «Балалық шақты бірге қорғайық».

Организованы встречи с многодетными матерями, родительскими сообществами, с целью информирования их о мероприятиях, реализуемых государством по вопросам обеспечения прав детей «Бақытты бала – бейбіт елдің тірегі». Проведен конкурс рисунков среди учащихся 1-4 классов, посвященный детству «Күндей күлген анамның, баласы болып қаламын!». Конкурс эссэ среди учащихся 5-11 классов «Бала құқығы – асыл қазына». Совместно с участковыми инспекторами проведена республиканская акция «Дети в ночном городе». Семейные спортивные соревнования среди учащихся 1-4 классов «Мен бақытты баламын!». Конкурс дебатов среди учащихся «Мен және менің құқығым».

***Асем Оспанова***
***отдел образования***
***района Аққулы***

# Маша и ежик
# История со счастливым концом

Жила - была хорошая, дружная, счастливая семья. Мама, папа и дочка Маша. Как – то раз вся семья пошла в лес собирать ягоды и грибы. Поход был очень удачным: собрали ягоды и грибы. Целые две большие корзины грибов и 5 –литровое ведро ягод. Сели на пенек, отдохнули, перекусили и пошли дальше. А Маша решила побежать впереди родителей, побежала и заблудилась. Родители бегают, ищут дочку.

И Машенька шла по лесу и плакала. Вдруг из - за кустов выкатился ежик. Он спросил у девочки:

- Девочка, а почему ты плачешь?

Маша от страха и слова сказать не может, так она испугалась, что ежик умеет говорить человеческим голосом.

А ежик ей говорит:

- Ты такая большая, девочка, а плачешь, как маленькая?

- А как же, ежик, мне не плакать, если я заблудилась. Теперь я даже не знаю, как мне добраться домой.

- Ну ладно, не плачь, я проведу домой. Вот тебе в подарок волшебная шишка. Она всегда приведет тебя домой.

Ежик покатился по тропинке, а Машенька пошла за ним. Ежик вывел ее на тропинку, и Маша увидела своих родителей. Девочка поблагодарила ежика и, радостная, побежала.

Родители шли и поддерживали друг друга. Маша закричала. Родители увидели живую дочь и обрадовались. Маша извинилась перед родителями. Счастливая, воссоединенная семья с хорошим настроением пошла домой.

Маша получила урок. Больше ни разу она не уходила далеко от родителей. А шишка, подаренная ежиком, стоит на столике девочки.

***Карина Клейносова, 6 класс***
***Павловская СОШ Успенский район***

# Отдых в Павлодаре

На выходных вместе с мамой мы поехали в Павлодар. Нас ждала семья маминой сестры.

Мы побывали в развлекательном центре «Зелёная страна». Он находится в Торговом доме «Мирас». Там очень интересно. Есть различные аттракционы, большой игровой зал, горки, лабиринты, батуты, бассейн с шариками. Мы с сестренкой Аружан везде побывали. Нам понравилось.

В обед мы сходили в кафе «Измир», где очень вкусная кухня. Детские боксы, куда входит: чизбургер, фри, сок и игрушка в подарок. Коктейли банановый и клубничный, морс клюквенный. Фирменный донер.



Спасибо семье тети Мадины за гостеприимство. Веселые и отдохнувшие, мы поехали домой. Ехали на машине вместе с бабушкой. Дома было тепло. Нас ждал вкусный ужин. Спасибо папе с мамой за отдых, подарки. Мы классно отдохнули! Все понравилось.

Нам понравилось отдыхать в Павлодаре.

***Аңсар Базкен, 1б класс***
***Павловская СОШ Успенский район***

Газета Павлодарской областной детско-юношеской организации
Твой Мир
сенің әлемің
№21-22
(402-403)
от 30 ноября
2023 года

КІТАП - ҚАЗЫНА

# Кітап оқу не үшін керек?

Біз кітап оқыған сайын білімді әрі ақылды боламыз. «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» демекші, кітапта біздің ата – бабаларымыздан қалған нақыл сөздер бар. Әсіресе, Абай Құнанбаевтың сөздерін түсіну өте қиын. Бірақ біз оларды түсінуге тырысуымыз қажет. Себебі, кітап – біздің серігіміз. Одан біз білмей жатқан немесе білмейтін нәрселерді білуге болады. Қазіргі уақытта балалар көп кітап оқымайды, өйткені көп уақыттарын гаджеттермен өткізеді. Алайда, кітап оқымаған бала білімсіз болады. Мысалға, егер біз сабағымызды беске оқығымыз келсе, кітаптың көмегі көп тиеді. Кітап оқыған бала ақылды, білімді, дарынды болып өседі. Кітаптың іші қалың немесе жұқа болса да, еш айырмашылығы жоқ. Менің ше, жұқа кітаптың ішінде де, мағынасы бар нақыл сөздер, мақал – мәтелдер, терең мағыналы сөздер болуы мүмкін. Кейде біз осы даналық сөздерді көрмей қалуымыз да мүмкін, ол үшін зейін қойып, мұқият оқу керек. «Оқу білім азығы, Білім ырыс қазығы» деп, мен мәтінімді әдемі мақал – мәтелмен аяқтаймын.



***Мәшһүр Жүсіп ат. мектебі 1 «Ә» сынып оқушысы Айтбай Айзере***

# Кітап ақылшың

Мен кітап оқуды ұнатамын. Әліппеден басқа да, шағын кітапшаларды өзім оқи аламын. Маған ұнаған ертегі ол «Мақта қыз бен мысық». Соны оқып, ертегі кейіпкерлерінің сөзін жаттап алып, қойылым қойдым. Қызық болды. Достарыма айтарым кітаппен дос болыңдар. Кітаптан көп үйренесің...

***Мәшһүр Жүсіп ат. мектебі 1 «Ә» сынып оқушысы Кенжебай Жангир***



# Кітап менің досым

Мен бірінші сыныпқа барғаныма 3 ай болды. Мен енді әріп танимын, оқи аламын. Ұялы телефонда көп отырмаймын. Ертегі кітаптарым да көп, мақал – мәтел жаттаймын. Енді менің досым – кітаптар. Кітаптан көп үйрендім. Анам маған ертегі сатып әперді. Өзімнің кітаптар сөресі де бар. Маған сынып жетекшім Дина Қазбеккызы тақпақ, жұмбақтар жаттауға береді. Бізге кітап оқудың пайдасы туралы айтады. Сыныптастармен мектепте «Оқуға құштар сынып» бұрышымыз да бар. Онда әдемі, қызықты ертегілер, әңгімелер, тақпақтар бар. Маған мектеп өте ұнайды.

***Мәшһүр Жүсіп ат. мектебі 1 «Ә» сынып оқушысы Сұраған Нұрасыл***

***Оқы, оқы және оқы***

# Мына қателіктерге жол бермеңіз!

Мектепте оқытқан әдістерден қалған қажетсіз әдеттер өмірімізде қалыптасып кеткен. Солар жайында қысқаша айтып өтекпіз.

***Басынан аяғына дейін оқу***

Кітап, газет-журнал, тіпті оқулықты да басынан аяғына дейін оқып шығу – міндет емес. қажетсіз ақпарттардың не керегі бар? Құры босқа күш, уақыт кетеді. Оқығанымыз пайдалы болсын десек, бұл әдеттен арылу қажет.

***Түгел түсіну***

Кітапты бастан-аяқ оқысаңыз, оқығанның бәрін түсіну керек деген нәрсе – қате. Олай жасау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ол міндетті де емес. бір мәтінді кейде бірнеше рет оқысаңыз да ештеңе түсінбейтін кездер болады. «Оқысам да дым түсінбеймін» деп өзіңізді жазғырудан абай болыңыз.

***Есте сақтап алу***

Кітапты басынан аяғына дейін оқып, оны бірден түсініп, мазмұнын айта алуыңыз керек дейтін түсінік тағы – қате. Мектепте мәтіннің мазмұнын айту үшін бірнеше рет оқитынбыз. «Мұғалім, бір қайталап алайыншы» деп сұранатындар да болатын. бұл қалыпты нәрсе.

***Жылдам оқыған тұлға Джон Милль философ-утилитарист***

Бұл мырза әлемдегі ең мықты данышпандар тізімінің 90-орнында тұр. Ол кітап оқығанда бір бетті бірден көре алған.

Оның әкесі университетте профессор болған. Ол бала Джонға кітап беріп, ең қысқа уақытта оқып бітіруін тапсырады. Артынан екеуі кітапты талқылайды. Бұл әдісті сіз де қолдана аласыз. Яғни, сізді ойыңызда жүрген тақырыптағы кітапты тез оқып шығасыз. Түсінген ақпаратты досыңызбен талқылайсыз.

***баспаға әзірлеген Бегімхан Ибрагим (КЕРІМХАНҰЛЫ) Ақсу қаласының Абай атындағы №2 ЖОББ мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Павлодар облысы Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі***

# Кітап - рухани қазына

Біз Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебінде оқимыз. Мектепке барғалы 3 ай уақыт өтті. Осы уақыт аралығында біз көп нәрсені үйрендік. Әліппе сабағында дауысты, дауыссыз дыбыстарды, олардың түрлерін де ажырата аламыз. Сөздерді буынға бөлу, бас әріппен жазуды да үйрендік. Сабақта мақал – мәтелдерді жаттап, оның мағынасын ашамыз. Ертегі оқып, оны әңгімелеп айтуға тырысамыз. Кітап адамның жасаған ең кереметтердің бірі. «Кітап барлық білімнің бастауы» - дейді сынып жетекшіміз Дина Қазбекқызы. Кітапты оқи отырып, жақсы болуға үйреніп, жамандықтан жиреніп, білімді де саналы, тәрбиелі оқушы болуға тырысамыз. Мектебімізде өткізілетін «Оқуға құштар сынып» болғымыз келеді. Ол үшін көп мақал – мәтел, ертегі білуіміз қажет. Кітапты көп оқу керек.



***М.Жүсіп ат. ЖОББМ 1 «ә» сынып оқушылары***

# Кітап оқудың пайдасы

Мен Айзада Ардагелдіқызы. Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебінің 1 «ә» сынып оқушысымын. Маған алғашқы ұстазым Дина.К әріптерді және сандарды үйретті.Қазір кішкентай әңгіме мақал-мәтел,жұмбақтар оқып жаттап жүрмін. Мұғалім бізге білім кітапта, кітап оқыңдар деді. Маған кітап оқу ұнайды. Үлкен болғанда үлкен шығармаларды оқимын. Әкем жұмыстан келгенде кітап оқып беремін. Кітап оқыған бала білімді,ақылды, болады.



***Мәшһүр Жүсіп ат. мектебінің 1 «Ә» сынып оқушысы Ардагелдықызы Айзада***

# Әжемнің өсиеті

Әр баланың балалық шағы болады. Менің де бақытты балалық шағым жалғасып, бейбіт өмірде көтеріңкі көңілде өтіп жатыр. Балалық шақтың куәсі болатындай қызықты оқиғалардың бәрі есімде. Ата-анама мен әлі баламын, өйткені мені еркелетеді, ойнатады, қуантады. Ал әжем болса мені арқасына отырғызып бала-бақшаға апаратын. Балдай тәтті күндерім осылай жалғасуда .Өйткені мен бақыттымын. Ал енді мен қазір 1-сыныпта оқимын. Әжемнің айтқан сөздері әлі есімде, ақыл-кеңесі мәңгі жадымда сақталады. Өйткені әжем өткен өмірінен сыр шертеді, әрине өмірінен түйгенің айтады. Ол ылғида маған көп оқу керектігін есіме салып тұратын, «кітап — білім бұлағы», «кітап білімнің қайнар көзі» болашағымыз білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті болу керекдеген сөздерді жиі еститінмін. Оған бізді не үйретеді, әрине алған біліміміз, ал білімнің қайнар көзі-кітап деп айтып жатады .

Кітап - сарқылмас қызына. Кітап оқу арқылы мен қоршаған ортаны, оң солымды ажырата білдім. Балалық шақ-бір рет ғана келетін, қайта оралмайтын, сағына еске алатын ғажайып әлем іспеттес. Сондықтан да бұл шақты да тиімді пайдалу керек көбірек кітап оқып, ғылымға көз жүгірту керек.

***Павлодар қаласы «Мәшһүр Жүсіп атындағы ЖОББМ» ММ 1 «Ә» сынып оқушысы Абулгаза Аяла***

# Бір кітапты қанша уақытта аяқтайсыз?

Кітаптың бір жолында 9 сөз болса, тоғыз рет тоқтайсыз және тоғыз рет секіресіз. Сонда 9 секунд + 4,5 секунд секіру + 5 секунд кері қайтып, басынан оқу = 18,5 секунд бір жолға кетеді. Бір бетте 34 жол болса, онда 629 секунд, демек, бір бетті оқуға 10 минут кетеді. Бұл ең аз дегендегі көрсеткіш.

Ары қарай есептейікші, бір адам шамамен 200 беттік кітапты қанша уақытта оқиды екен? 200 бет * 10 минут = 2000 минут. Адам күніне 20 минутын кітап оқуға жұмсаса (күн сайын кітап оқитын адамдар сирек, өте сирек), онда 100 күн шығады. Бір кітапты 3 айдан артық уақытта оқып бітеді. Адамдардың күн сайын оқымайтынын ескерсек, бұл мерзім созыла түседі. Сонда жылына бір адам 2-4 кітап қана оқиды екен. Бір кітапты 3 ай оқитын адамда кітап оқуға қызығушылық қайдан болсын!

Ары қарай есептейік, бір жолға 3 секунд жұмсасаңыз, бір бетке 3 * 34 = 102 секунд, 1,7 минут шығады. Сонда 200 беттік кітапқа 340 минут кетеді. Күніне 20 минут оқитын адам 17 күнде бір кітапты аяқтайды. 17 күн! Бұл ең ұзақ уақыт деп есептегенде! Әйтпесе 200 беттік кітапты 3 сағатта толық түсініп оқып шыға аласыз. Бұған сеніңіз.

***баспаға әзірлеген Бегімхан Ибрагим (КЕРІМХАНҰЛЫ) Ақсу қаласының Абай атындағы №2 ЖОББ мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Павлодар облысы Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі***

Газета Павлодарской областной детско-юношеской организации
Твой Мир
сенің әлемің
№№21-22
(402-403)
от 30 ноября
2023 года


***2023 жылдың 5 қараша күні М.М.Катаев атындағы Павлодарлық Оқушылар сарайы 45-жылға толды. Сүйікті шығармашылық ордамызды мерейлі мерекемен құттықтаймыз!***

# Оқушылар сарайы – балалардың шығармашылық мекені

Бүгінде аймағымыздағы Оқушылар сарайы жас өнерлерге қосымша білім беретін ең ірі білім ордаларының бірі болып табылады.



Оқушылар сарайына аяқ басқан әрбір бала өз жанына жақын іспен айналыса алады. Бұл шығармашылық мекенде әрбір жеткіншек ғылыми жоба жазу, ғарыш әлемін зерттеу, робототехника саласында жұмыс жасау, ән шырқап, би билеу, әдемі сурет салып, шаштараз өнерімен айналысып, IT-мектебінен сабақ алып, тіпті бизнеске алғаш қадам басуға зор мүмкіндіктері бар.

Ертіс өңіріндегі Оқушылар сарайы сонау 1978 жылы пайдалануға берілген мекеменің тарихында қазірге дейін бірнеше мәрте құрылымдық өзгерістер орын алғанымен, қосымша білім беру мен тәрбиелеу бағытында бастапқы мақсатына сай лайықты жұмыс жүргізіліп келеді.

4-18 жас аралығындағы үш мыңға жуық бала жыл сайын Сарайдың үйірме, клуб, студияларында қолданбалы-сән өнерімен айналысып, көркемдік және эстетикалық тәрбие алып, мектепке дейінгі білім алып келе жатыр. Айта кетсек, бұл жерде ғылыми-техникалық бағыт өте қарқынды дамыған. Бұл да басшының ерен еңбегі екенін айтып өтуіміз керек.

Ғылыми-техникалық бағыттың дамыту жобасын іске асыру мақсатында Облыстық Оқушылар сарайында 2014 жылы планетарий



ашылды. Ал 2018 жылы заманауи технологиямен жабдықталған таңғаларлық зертханалары тағы да бар. Оның бірі балардың ең сүйіп келетін ортасы - балалар технопаркі. Мұнда балалар озық технологияларды меңгереді, алған білімдерін өз жобаларын жасау үшін қолданады. Сонымен қатар заман талабына сай IT-сынып, цифрлық білім алу ресурстарына көп көңіл бөлінген. Аса қабілетті балалар тек құрылымдаумен ғана шұғылданбайды, сонымен қоса LEGOEducation, Ардуин, 4WD платформалары, робот-манипулятормен жұмыс істейді, өндірісте іске асырылатын жобалар жасайды.

Өңіріміздің дарынды оқушыларын қолдап, жас астроном, физик, ғарыш саласына әуес балаларға жағдай жасау үшін Оқушылар сарайының басшысы Алма Жұмабайқызы астрономия бағытына көп көңіл бөледі. Оқушылар обсерваторияда үлкен телескоп арқылы аспан денелерін бақылап, астрономияны тереңдетіп оқуға мүмкіншіліктері бар.

Обсерваторияда CORONADOTPSMT90-30 SolarMax1190 премиум күн телескопы орнатылған. Ол күн сәулесін Meade 16 «LX 600-ASF» стационарлық телескопын кәсіби астрофотография сабақтарына арналған экваторлық платформада көруге мүмкіндік береді.

Телескоптар ұзақ экспозициясы бар астрономиялық фотосуреттерді алу, сондай - ақ бейне түсіру және аспан нысандарын бақылауға тамаша жағдай жасалған.

Обсерваторияның ашылу салтанатына ҚР батыры, ғарышкер Айдын Айымбетов қатысты. 2018 жылы балалар технопаркі құрылды. Технопарк робокешендер зертханасынан, бейнемонтаж зертханасынан, it-класс, астрозертханасынан, 3D-модельдеу зертханасынан тұрады.

Робототехника үйірмесінің бағдарламасы политехникалық бағытқа ие. Балалар нақты міндеттерді шешетін механизмдерді құрастырады. Балалар тек дизайнмен ғана емес, LEGO Education, Arduin, 4WD платформаларымен, Робот-манипулятормен, гуманоидты роботпен, Hovis білім беру роботымен жұмыс істейді. Робототехника үйірмесінің тәрбиеленушілері - «KazRoboSport» спорттық робототехника бойынша республикалық чемпионаттардың, ROBOLAND 2021, WRO-2021 робототехника, Regular Elementary санаты бойынша бағдарламалау және инновациялық технологиялар VI фестивалінің жүлдегерлері.

«Антарес» жас астрономдар клубы - техникалық жабдықтармен және арнайы оқу бағдарламасымен жабдықталған. Клуб тәрбиеленушілері Төкен Омаров ат. астрономия және ғарыш физикасы бойынша республикалық ғылыми жарыстардың бірнеше дүркін жүлдегерлері атанды «Ұлы Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың Республикалық байқауы, Халықаралық Сәтбаев оқулары, Новосібір қаласындағы Сібір астрономиялық форумы, Мәскеу қаласындағы «Гагарин оқулары» Халықаралық Жастар ғылыми конференциясының қатысушылары.

Бұл білім ордасының тәрбиеленушілері Республикалық және Халықаралық деңгейдегі конкурстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Оқушылар сарайының түлектері елімізде және әлемде әйгілі. Олар: Мария Мудряк, Ринат Малцагов, Роза Мукатаева, Жанар Дұғалова.

Оқушылар сарайы мектептен тыс ұйымдардың республикалық конкурстарының бірнеше дүркін жеңімпазы болып табылады. Оқушылар сарайы мен «Жас Ұлан» балалар-жасөспірімдер ұйымының облыстық штабының жұмыс тәжірибесі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығында ұсынылды.

2023 жылы Оқушылар сарайы «Экологиялық білім берудің үздік ұйымы» Ұлттық байқауының жүлдесін жеңіп алды.

2015 жылы М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайына білім беру мәселелері жөніндегі халықаралық кеңесші, Ұлы Мәртебелі Англия патшайымының инспекторы және Англияның білім беру саласындағы стандарттар Басқармасының жоғары басшылық құрамының мүшесі, білім беру ұйымдарын инспекциялау жөніндегі пилоттық жобаны әзірлеушілердің бірі Энди Рид келді. 2019 жылы Оқушылар сарайына Болгарияның вице - президенті Илиана Йотова келді.

Оқушылар сарайы Кеңес Одағының батыры Михаил Максимович Катаевтың есімімен



аталады. 1985 жылы «Аталар-ардагерлер, немерелер – із зерттегіштер» мемориалдық мұражайының ашылуы өтті. Мұражай экспозициясында тарихтың ең сұрапыл кезеңі - Ұлы Отан соғысы туралы баяндайтын 400 хабар-ошарсыз кеткен жерлестердің істері мен мыңнан астам экспонаттар қойылған. Мұражайда Кеңес Одағының батыры Михаил Максимович Катаевтың өмірі мен ерлігі туралы материалдар жинақталған. Михаил Максимович 1943 жылдың қыркүйек айында Днепр өзені арқылы өтуді ұйымдастырады, бұл әскерлердің алға жылжуына мүмкіндік берді. Отанға шексіз махаббаты мен батылдығы үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылғы 15 қаңтардағы жарлығымен М.М. Катаевқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

## *Үлгілі ұжымдар – біздің мақтанышымыз*

Оқушылар сарайының ең танымал, үздік ұжымдары «Үлгілі» деген атаққа ие.

1984 жылы «Вдохновение» үлгілі хореографиялық би ансамблі құрылды. Ұжым жоғары орындаушылық шеберлікке ие болып, қала мен облыста ғана емес, елімізге де танымал. Ұжым өзінің репертуарлық қоржынын қызықты қойылымдармен толықтыра отырып, үнемі шығармашылық ізденісте болады. Бүгінгі таңда



«Вдохновение» үлгілі би ансамблі әртүрлі деңгейдегі концерттердің, фестивальдердің, конкурстардың бірнеше мәрте қатысушысы, лауреаты және жүлдегері болып табылады.

1991 жылдан бастап үлгілі «Блэйз» эстрадалық би студиясы жұмыс істейді. Бұл ордасында үнемі шығармашылық, мейірімділік, балалар мен педагогтер арасындағы өзара түсіністік орнайды. Ұжымның барлық би композициялары өте ерекше. Кіші «Тип-топ» студиясы 2019 жылы Үлгілі ұжым атағын алды.

1995 жылы «Свет звезды» үлгілі ән-театры ашылды. Ән театрының әншілері мен топтары Халықаралық деңгейдегі конкурс пен фестивальдердің дүркін жеңімпаздары.

«Свет звезды» ән театрының түлектері қаламызда және шетелдерде танымал. Олар: Малцагов Ринат, Роза Мукатаева, Маутин Сұңғат, Калымова Назира, Амерханова Дидар, Селезнева Даша, Тухфатуллин Дамир, Абдуалиева Зарина, Исабеков Абзал және басқалары.

«Жас екпін» үлгілі домбыра ансамблінің тәрбиеленушілері қазақ халқының бай музыкалық мұрасымен таныстырылады. Жас әншілер өз шығармашылықтарын қалалық және республикалық концерттерде, байқауларда, фестивальдарда ұсынып, көрермендердің ықыласына бөленді.

«Арман-шоу» үлгілі театр-студиясы 2003 жылы құрылған. Ұжым қызметінің негізгі бағыты балалар театры және эстрадалық вокал болып табылады. Ұжым жылдан жылға жеңіс қоржындарын толықтыруда.

***М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының әдіскері Әсем Аипова***

Газета Павлодарской областной детско-юношеской организации
Твой Мир
сенің әлемің
№21-22
(402-403)
от 30 ноября
2023 года

ҚАЛАМГЕР ҚАДАМЫ

# Ақ халатты абзал жандар

Мен - 8 сынып оқушысымын. Кішкентай кезімнен алға қойған мақсатым- дәрігер болу. Мектеп табалдырығын аттамай тұрып бүкіл балалық шағымдағы ойын түрі де осы мамандықпен ұштасып жататын.. Дәрігер мамандығының қыр-сыры тереңде,көп ізденіс пен білімді,қажырлықты талап ететінін де жан дүниемммен түсінемін. Сол үшін де мектеп қабырғасынан терең білім алып, одан әрі де жоғары оқу орнында жалғастыратыным сөзсіз. Алдыма қойған мақсатыма жету-болашаққа қадамым. Адам-да өзінің бойында осы дәрігерлік мамандыққа деген сүйіспеншілігі мен өзіне деген сенім болуы қажет. Бұл дәрігерлік мамандыққа жету екінің бірінің қолынан келмейтін іс. Дәрігер болу үлкен мәртебе деп білемін. Мамандық таңдау үшін адам ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажет. Меніңше дәрігер болу менің қолымнан келеді. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді, дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетеді. Зор ықылас, шабытпен істелген іс биікке самғайтын қанат. Медицина десе алдарыңызға не



елестейді? Шприц, ақ халат, аурухана, медициналық эмблема, науқастар. Ал бұлар тек сырт көзбен қарағанда байқалатындар, ал оны жетік оқып, меңгерген адамға «медицина» сөзі ең асыл, қымбат, шексіз мағыналы сөз дер едім! Мен өзімнің аңсаған арманыма жетуге тырысамын және қалайда жетемін!.. Мен де халқыма көмектескім келеді. Науқас адамды емдеп,оның қуанышты көздерін көру-үлкен бақыт, зор қуаныш.

***Айназарова Жансая 8 сынып оқушысы Павлодар қаласы №33 ЖОМ Ленин кенті***

# Атам туралы сыр

Негізі, өмірде ата-әжең болған қандай жақсы! Мен ата-әжелері бар жандарды бай адам деп ойлаймын. Өйткені ата-әженің махаббатына ешқандай байлық жетпейді! Мен өз атам Кенжетаев Ерғали жайында айтқым келеді.

Атамның өмірден өткеніне 3 айдай болып қалды. Сондықтан атамның тірі кезінде қандай адам болғаны жайында айтып сыр айтпақпын. Менің атам 1949 жылы 3 қыркүйекте Павлодар облысының бұрыңғы Куйбышев, қазіргі Ақтоғай ауданы Спартак колхозында дүниеге келген. Сол ауылдың мектебін бітіріп, ерте еңбекке араласқан, ұзақ жылдар шопан болып істеді. 1973 жылы әжем екеуі отау құрған. Әжем мен атамның үш баласы бар.Мен атамның ерке жиенімін.



Аружан деп атымды қойған да атам. Оның мағынасы өзі ару болсын, жанашыр болсын деген тілектен туған. Мені кішкентай кезімнен атам тәрбиелеген. Ол маған табиғаттың құпия сырларын үйретті. Мысалы, Айдың тууы және соған қатысты қандай ауа-райы болатынын, құстардың түрлерін, шөптердің емдік қасиеті жайлы көп қызықты деректер айтатын. Атамның өнегелі сөздері әрдайым есімде. Маған: «сабақты бірінші орынға қой, себебі ол- сенің болашағың» дегенді жиі айтатын. «Үлкенге - құрмет, кішіге ізет көрсет» деген өнегелі сөздерін де ешқашан есімнен шығармсаспын. Тіпті мен бір қателік істеп қойсам да, ақылын айтып, келесіде олай істеме деуші еді аташым.

Атам өте аққөңіл, қолындағы барын адамдарға бере салатын, ешқашан да біреуге жамандық ойламайтын. Өмірінің соңғы күндеріне дейін өзі тұрған Қараоба ауылында мешітте молда болды. Атамнан үйренетін жақсы қасиеттер көп еді. Менің Атам өмір бойы ең жақсы адам болып есімде қалады.

Атам қайтыс болған соң «Бұл өмірде барлығымыз қонақ екенбіз» деген сөздің мағынасын түсіндім. Жақын адамыңнан айырылу өте қиын екен. Бұл сезімді айтып жеткізе алмайсың да. Атама арнаған өлеңім.

Ата, Аташым,
Өзіңе сағынышымды тек
Қазіргі кезде жазу арқылы
білдіре аламын.
Дүниеден өткеніңе аз болса да,
Сенің ең сүйікті жиенің
«Құлыным!» деген сөзіңді
сағынады!

Уақыт емші дейді ғой ,
Бірақ…. қалай жүректегі
Жараны емдей аламын?!
Жүрекке әмір жүрмейді дегенді
Енді ғана түсініп жатырмын.

Уақыт өтер ,
Барлығы сендей адамды
Марқұм ретінде еске алар.
Бірақ та өзім үшін
Осы өмірдегі керемет жан
болып
Есте қаласың.
Жаның жәнәтта болсын, аташым!

***Гибадатова Аружан 6-сынып. «Әлихан Бөкейхан атындағы лицей-мектебі»***

# Бос уақытты тиімді өткізу

Менің есім Нурия. Сабақты үздік оқимын. Мектептен соң мүлдем бос уақытым жоқ. Неге десеңіз, мен ағылшын, гимнастика, мәнерлеп сырғану, балалар журналистикасы, вокал үйірмелеріне барамын. Сонымен қатар, маған сурет салғанды ұнайды. Шетелге барып, білім алу үшін ағылшын тілі бізге болашақта өте қажет. Ал сахнада ән айтқан балаға пайдалы. Біріншіден тыныс алу жолдары дамиды, бала қобалжымай өзін еркін ұстайды. Журналистика үйірмесі әдемі сөйлеуге, сөзді қорын байытуға көмектеседі. «Шыныққан шымыр боласың» демекші гимнастика спорттың бір түрі. Мен әлі болашақта қандай маман болатынымды әлі білмеймін. Бірақ осы үйірмелердің пайдасы маған зор. Осындай көп үйірмелерге апарып жүрген Сәуле анашыма алғысым шексіз.

***Тукебаева Нурия, 4 «Д» сыныбы, Б.Момышұлы атындағы мектебі.***

# Шынықсаң, шымыр боларсың!

Жазушы, әдебиеттанушы, драматург, қоғам қайраткері Ғабит Мүсірепов: «Дұрыс жолға қойылған дене шынықтыру ойындары оқу-білім алуға бөгет емес, қайта бойды сергітіп, ойына жәрдем ететін нәрсе»- деген екен кезінде. Қазіргі таңда спортпен айналыспайтын жан жоқ шығар, сірә.

Келешек өмірімді спортпен байланыстырғым келеді. Жастайымнан спортты ерекше қадірледім. «Шынықсаң шымыр боласың» деген Д.Абенов ағамыздың сөзі мені алға жетеледі... Шынымен спорт оңай мамандық емес : өзіңді қинап салмақ қуасын, терлейсің, шынығасың,өзі-өзіңді жеңіп қана жақсы спортшы боласың. Спорт әр адамға ұнай бермеді, спортқа тек қана күш-жігері мықты адамдар ғана шыдай алады, бірақ соған қарамастан бүгінгі таңда неше түрлі спорт түрімен айналысып жүрген достарым өте көп. Спорт адамға өмірдегі қиындықтарды жеңе білуге,салауатты өмір сүруге үйрететін ақылшы досың іспеттес. Еркін күрес, қазақша күрес, MMA, NOMAD MMA және т.б. спорт түрлері бар, ал менің таңдаған спорттым- «NOMAD MMA», MMA, SAMBO, BOXING. Nomad MMA деген спорт– қазақша үлгідегі аралас жекпе-жек спорты, онда спортшылар жұдырықпен соғу және тебу әдістерін, сондай-ақ күрес әдістерін қолдана отырып, толық байланыста жарысады.

Спорт саласында көптеген жетістіктерге де жеттім. Арманым-осы спорт түрінің қырсырын терең меңгеріп, үлкен жарыстарға шығып,елімнің көк туын желбіретіп, қасқая тұрып әнұранмызды орындау.Туған жерімнің абыройы асқақтай берсін!

***Марат Тамирлан 8 сынып оқушысы «Павлодар қаласының №33 жалпы орта білім беру мектебі» Ленин кенті***



# Мұзафар оқуларына қатысу

21 қараша күні қаламызда Мұзафар Әлімбаевтың 100 - жылдығына арналған ғылыми – практикалық конференциясы өтті.

Мұзафар Әлімбаев – Қазақстанның халық жазушысы, ақын, қазақ әдебиетінде соғыс сұрапылын бастан кешіп келген қаламгер шоғырының бірі. Ол Шарбақты ауданы, Маралды атырабының тумасы. Яғни біздің жерлесіміз. Оның көптеген халыққа танымал шығармалары мен өлеңдері бар. Мысалы: «Күз келді», «Сеуиндетеп атамды» және т.б.. Аталмыш конференцияға 200 -ден астам оқушылар қатысып, өз өнерлерің үш номинация бойынша көрсете білді. Олар: сурет салу, мәнерлеп оқу және жоба жазу. Барлық оқушылар жақсы дайындықпен келді. Бірақ олардың ішінен ең мықты 70 оқушы жүлделі болды. Мен де бұл жетпістің санына кірдім. «Мәнерлеп оқу» номинациясына III дәрежелі дипломимен марапаттылдым. Сол үшін менің ата-анам, ұстазым және мен қуанышқа кенелдік. Сайыстың үстінде кернеу жоғары болды және өлеңдерді айтқан кезде балаларда қобалжу болды. Бірақ мен ұстазым берген өсиетін ұмытпай өзіме сеніп, табандылық пен батылдықты танаттым. Менің алғашқы мұғаліміме Акатаева Айнаш Думашевнаға оқытқанына, әркашан демеу бергеніне, керек кезде нақыл сөздерін айтқанына, білім, тәлім нәрімен сусындағанына ризашылығымды және сыйластығымды білдіремін. Маған сенім артып әртүрлі сайыстарға қатыстырып жанжақты тәжірибе бергенізге алғысым шексіз.




Осындай балаларға арналған шығармашылық, ғылыми және эстетика мен мәдениетін дамытатын сайыстар көп болсын деп тілеймін!

***Тукебаева Нурия, 4 «Д» сыныбы, Б.Момышұлы атындағы мектебі***

Твой Мир
сенің әлемің

№№21-22
(402-403)

от 30 ноября
2023 года

**Павлодар қаласының № 39 жалпы орта білім беру мектебінің 2 «А» сыныбының ұстазы Айгерим Асаинова қараша айында өз оқушыларымен бастауыш сынып апталығына белсенді қатысты. Тәжірибелі ұстаз балаларға отбасын сүюге, ертегі оқуға, жан-жануарларды жақсы көруге тәрбиелейді.**
**Апталық аясында салған суреттерді сіздерге ұсынамыз.**



*№39 ЖОББМ 2А сынып Маукеева Инжу.*



*Айдар Әмір №39 ЖОББМ 2 а сынып менің сүйікті ертегім*



*Амангелді Әдия Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия мектебі 5Г сынып*



*Суханова Амина №39 ЖОББМ 2 А сынып оқушысы менің сүйікті ертегілерім*



*Ғабдолла Феруза №39 ЖОББМ 2 А сынып менің сүйікті жануарым*



*ҚАЛДЫБАЙ Санжар менің сүйікті жануарым №39 ЖОББМ 2 А сынып*



*Суханова Амина №39 ЖОББМ 2А сынып менің сүйікті ертегім*



*Серікбай Санжар № 39 ЖОББМ 2 а сынып менің сүйікті жануарым*



*Негман Айсұлтан №39ЖОББМ 2А сынып*



*Серікбай Санжар № 39 ЖОББМ 2 А сынып менің бақытты отбасым*



*Қалдыбай Санжар Менің отбасым*



*Суханова Амина № 39 ЖОББМ 2 а сынып менің сүйікті отбасым*



*Серікбай Санжар №39 ЖОББМ 2 А сынып менің сүйікті ертегілерім*

**Адрес редакции:**
Республика Казахстан, 140000, г.Павлодар, ул. М.Жусупа, 27, каб. № 232
**Телефон редакции:**
8 (7182) 32-82-63, twoi_mir@mail.ru

**Учредитель:**
Общественная организация ОДЮО

**Гл. Редактор**
А. Аипова

**Редакторы:**
А. Аипова
Т. Суворова

**Дизайнер:**
А. Сюендыкова

**Периодичность выхода:**
1 раз в месяц

**Выпускающий детский редактор:**
Нурия Тукебаева

Территория распространения - Павлодарская область. Собственник и учредитель: ОО «Областная детско-юношеская организация Павлодарской области». Газета зарегистрирована в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан. Регистрационное свидетельство о постановке на учет средств массовой информации №7917-Гот12.12.2006 г.